

БЕКІТЕМІН
«Тайтобе ауылының ЖОББМ»
КММ директоры
Г.С.Алиева *Г.С.Алиева*
«01» 09 2026 жыл

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТІҢ 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫ

Лауазымдық міндеттері:

- Жеке тұлғаның психологиялық-медициналық-педагогикалық ерекшеліктерін және оның шағын ортасын, өмір сүру жағдайларын зерделейді, мүдделер мен қажеттіліктерді, мәселелерді, даулы жағдайларды, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мінез-құлқындағы ауытқуларды анықтайды және оларға уақытылы әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетеді.
- Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың міндеттерін, нысандарын, әдістерін, баланың жеке және әлеуметтік проблемаларын шешу тәсілдерін айқындайды, білім алушылардың, балалардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда әлеуметтік қорғау және әлеуметтік көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдайды.
- Білім алушылар, тәрбиеленушілер, балалар және ұйым, отбасы, орта, түрлі әлеуметтік қызметтер, ведомстволар мен әкімшілік органдар мамандары арасында делдал болады.
- Білім беру ұйымдарында және жеке тұлғаның қоғам өміріне бейімделуін қамтамасыз ететін тұрғылықты жері бойынша білім алушыларды тәрбиелеу, білім беру, дамыту және әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асырады.
- Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, мүмкіндігі шектеулі балаларды, мүгедек балаларды, девиантты мінез-құлықпен оқитын бала кезінен мүгедектерді патронатпен, тұрғын үймен, жәрдемақылармен, зейнетақылармен, мүлктік және мүлктік емес құқықтармен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді.
- «Жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту» (ЖБМО) аясында 0-18 жас балаларын есепке алу, оқушылардың сабақтан қол үзуіне жол берілмеуін қадағалау, көпбалалы және аз қамтылған отбасы балалары үшін ыстық тамақпен және қоғамдық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жүргізеді.
- «Bilim Class» (Білім класс) электронды журналындағы мәліметтерді тұрақты зерделейді, әлеуметтік жағынан аз қамтылған, қауіп тобындағы немесе ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың сабаққа қатысуын бақылайды, платформа арқылы сынып жетекшілерімен, ата-аналармен кері байланыс орнатады және тиісті электрондық есептерді уақтылы жүргізеді.
- Сабақтан тыс уақытта білім алушылардың ақыл-ой және дене қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасайды.
- Әлеуметтік ортада адамгершілік қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді. Бала мен мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар, әлеуметтік қызметтер арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.
- Мұғалімдермен, ата-аналармен және білім алушылардың өзге де заңды өкілдерімен өзара іс-қимыл жасайды.
- Білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді.
- Білім беру ұйымдарында білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеуге, бекітуге және іске асыруға қатысады.
- Білім беру ұйымдарында "Құндылықтарға негізделген білім беру" және «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» тұжырымдамаларын білім беру процесінде барлық қатысушылардың, оның ішінде балалар мен отбасыларының қатысуымен енгізеді.

- Оқушылар, тәрбиеленушілер арасында академиялық адалдық қағидаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің алдын алады.

Білуге міндетті:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдарын, «Бала құқықтары туралы» конвенцияны және білім беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік құқықтық актілерді.
- Әлеуметтік саясат негіздерін, жалпы және әлеуметтік педагогиканы, педагогика мен психологияны, валеология негіздерін, әлеуметтік-педагогикалық және диагностикалық әдістемелерді.
- Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстардың бағыттарын, «Bilim Class» электрондық журналы жүйесімен жұмыс істеу ережелерін.
- Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- Тиісті бейін бойынша жоғары педагогикалық білімі;
- Әлеуметтік педагог лауазымындағы жұмыс өтілі 3 жылдан кем емес.
- Біліктілігінің жоғары деңгейі болған жағдайда санаттарға сәйкес талаптар: педагог-модератор үшін – кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы үшін – кемінде 4 жыл, педагог-зерттеуші және педагог-шебер (мастер) үшін – кемінде 5 жыл әлеуметтік педагог лауазымындағы жұмыс өтілі болуға тиіс.

Таныстым:

Таныстым:

Аубакеева А.А.
А.А.

А.А.

Ескертпе: Лауазымдық нұсқаулық ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығының 1-тарау, 10-параграфына (соңғы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып) сәйкес 2026-2027 оқу жылының талаптарына сай жасалды.